

Ғылыми жетекшінің
6D071900 – Радиотехника, электроника және
телекоммуникациялар мамандығы бойынша PhD философия докторы
дәрежесіне үміткер, Жетписбаева А.Т. «Бір модалы оптикалық
талшықта 1310 нм және 1550 нм толқын ұзындықтарында
Мандельштам-Бриллюэн мәжбүрлі шашырауын зерттеу»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Жетписбаева Айнур Турсынкановнаның диссертациялық жұмысы Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университетінде орындалды. Докторантурада оқу барысында Жетписбаева А.Т. жұмыс оқу жоспарына сай барлық тапсырмаларды уақытылы орындады. Барлық емтихандарды ойдағыдай тапсырды және аталған тақырып бойынша көптеген жарияланымдар жарық көрді. Жетписбаева А.Т өзін белсенді зерттеуші ретінде көрсете білді. Оған қоса Халықаралық, Қазақстандық және ЖОО аралық конференциялардың белсенді қатысушысы болды. Эксперименталды зерттеулер жүргізу барысында Жетписбаева А.Т табандылық және ұқыптылық таныта білді.

Жетписбаева А.Т. зерттеген тақырып біздің заманымызда өзекті болып табылады, өйткені талшықты-оптикалық желілерді ақапарт беру үшін қолдану телекоммуникациялар саласындағы басты бағыттардың бірі болып тұр.

Сондықтан докторант Мандельштам-Брюллиэн мәжбүрлік шашырауы бойынша әдебиетке ауқымды шолу жасаған, оның ішінде шетелдік әдебиетке аса көп назар аударған. Оның себебі, аталмыш тақырып дүние жүзінде өзіне назар аударып отырған мәселе. Жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша зерттелетін тақырыптың мақсаты мен мінді айқындалды.

Диссертациялық жұмыстың эксперименталдық бөлімінде есінші тарауда зертханалық жұмыстарда алынған нәтижелерге аналитикалық түсіндірме беру үшін нәтижелерді тікелей өңдеу арқылы интерпретациялау жүргізілген.

Жұмыстың басты артықшылығы эксперименталдық зерттеулер нәтижесінде алынған мәндерді математикалық модель түрлерін іздестіру және компьютерлік моделін Матлаб платформасында өңдеу жұмыстарын атауға болады.

Диссертациялық зерттеулердің негізгі қорытындылары 13 мақала жарияланған, оның ішінде 4- ҚР БЖҒМ ғылыми баспаларда, 1- Scopus базасына кіретін журнал, 1- Thomson Reuters базасына кіретін журнал, 5- халықаралық конференцияларда, соның ішінде 4- шет елдегі конференция, 1- тезис

Жетписбаева А.Т. орындаған диссертациялық жұмыста зерттеурдің теориялық маңыздылығы мен эксперименталды зерттеуер нәтижелерінің тәжірибелік колданылуы ұтымды қосылған.

Аталған диссертациялық жұмыс толық аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарына сай орындалған. Жұмыстың мазмұны және квалификациясы Жетписбаева А.Т. PhD философия докторы дәрежесіне лайықты.

Жетписбаева А.Т. диссертациялық жұмысы 6D071900 - «Радиотехника, электроника жәнет телекоммуникациялар» мамандығы бойынша арнайы Кеңесте қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші

АЭЖБУ, РТЖБФ,

ТКЖ каф. доценті, ф.-м.ғ.к.



Жунусов К.Х.

Қол таңбасын басқарушы
Година: 2017 ж.
Бөлім басшысы
03 02 17